

«Медиация қызметі – заман талабы» семинар-кеңесі

ХАТТАМА №1

Өтілген күні: 14 қазан, 2024 жыл

Өтілген орны: «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы»КММ

Қатысушылар: Мектеп ұжымы

Күн тәртібі:

1. Мектептегі медиация қызметі туралы

Тыңдалды:

Семинар басында алғашқы болып сөз алған **С.Сейфуллин атындағы гимназиясы КММ-нің психологі Оразбекова П.М.** семинардың мақсаты мен міндеттерін атап өтті:

- Медиацияны қолдану теориясы мен тәжірибесін талқылау;
- Мектепте татуластыру қызметін дамытуда психологтердің, социологтердің, мұғалімдер мен оқушылардың күштерін біріктіру.

Екінші сөз алған мектеп медиаторы **Исанкулова Г.Г.** «медиация» термині мен қызметіне түсініктеме берді. Өз сөзінде ол:

- Мектепте ата-ана мен мұғалім, мұғалім мен оқушы, басқа да мамандар арасында дау-дамайлар туындауы мүмкін екенін;
- Мұндай жағдайларды реттеу үшін мектеп медиаторлары қажет екенін;
- Әр мектепте бес-алты медиатор болғаны дұрыс екенін;
- Мектептегі медиацияның басты мақсаты – білім беру саласында қауіпсіз орта қалыптастыру екенін айтты.

Мектеп медиаторы ретінде мұғалім, педагог, психолог, әлеуметтік педагог қызмет ете алады. Медиацияның негізгі міндеті – оқытушы мен оқушы, оқытушы мен ата-ана арасындағы қарым-қатынастарды реттеп, түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Семинар соңында **Исанкулова Г.Г.** қатысушылардың сұрақтарына толық жауап беріп, семинарға белсенді қатысқандары үшін ризашылығын білдірді.

Шешім:

1. Әр сынып жетекшісі семинар барысында алынған мәліметтерді сынып оқушыларымен және ата-аналармен бөліссін.

Психолог:



П.М. Оразбекова

Мектеп медиаторы:



Г.Г. Исанкулова